

Хаттама №1
№1 Өндірістік жиналыс

15.09. 2022 ж күні Балбөбек жекеменшік шағын орталығында өндірістік
жиналыс болып өтті.

Қатысқандар:

директор: С. Р Мусаева
әдіскер: Г. Сағпазова
Педагогтар: 6
Кіші қызметкерлер: 3
Барлығы: 11

Күн тәртібінде:

1. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 13.10.2016ж №6 бұйрығымен таныстыру»
2. Балаладың денсаулығын шыңдау «Тұмаудың алдын алу» Бөбекжайда тұмаумен ауырған балалар және олармен жасалған жұмыстар.
3. Бөбекжайда өрт қауіпсіздігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директор С. Р Мусаева . «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 13.10.2016ж №6 бұйрығымен таныстыру»

2-мәселе бойынша бөбекжай медбикесі: Д.С.Сүйінова «Тұмаудың алдын алу» тақырыбындағы кеңесті оқып таныстырды. Бөбекжайда тұмаумен ауырған балалар және олармен жасалған жұмыстар жөнінде ауызша қысқаша мәлімет берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шағын орталықтың медбикесі «Тұмаудың алдын алу жолдары» тақырыбында кеңес оқып таныстырды. Көптеген жылдар бойы суық түсісімен адамдардың тыныс алу жолдары сырқаттанып, тұмаумен ауруы қайталанып келеді. Жыл сайын тұмаумен және оған ұқсас аурулардың індеті кезінде әлемде 5 миллион адамға дейін науқастанса, 500 мыңға дейінгісі қайтыс болады. Кең таралған респиративтік жұқпалы вирус жоғарғы тыныс алу жолдарының жұқпалы вирустық тобына жатады. Жұқпалы вирустық даму кезеңде бактериялық өршіуі сипатталуы мүмкін. Тұмаудың негізгі белгілері-жеңіл тұмау, жөтел, түшкіру, бастың ауруы, көздің ісінуі, дел-салдық. Ауру бірте-бірте тарап, адам бойында дел-салдық пайда болады. Келесі күні ауру өрши түскен кезде құрғақ жөтел пайда болып, қақырыққа ұласады. Тұмаудың алдын-алу. Қолыңызды

сабынмен күнде жуып ,жеке орамалды пайдаланыңыз. Сұйық затты көп ішіңіз. Үлкен ғимарат ішінде басқыштардың жақтауларын ұстамаңыз. 3-ші мәселе бойынша директор: С. Р Мусаева «Өрт қауіпсіздігінің сақталу ережесімен таныстыру» тақырыбында кеңесін өткізді.

Балабақшада өрт қауіпсіздігін сақтау әрбір адамның борышы. Сондықтан әрбір адам мына ережелерді білу керек. Топтарда разеткалардың үстін арнайы құрылғымен жауып қою. Теледидарды қосқанда ажыратуды ұмытпау керек. Егер өрт болған жағдайда өртті бір затпен (көрпемен,пальтомен) үстінен жаба салыңыз. Түтінмен дем алмаңыз. Мұрынды және ауызды ылғал шүберекпен орап қою керек. Балабақша шаруашылық меңгерішісі өрт туралы толық қызметкерлерге түсінік берді

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүргізілсін.
2. Балалардың денсаулығын шыңдау: «Тұмаудың алдын алу» шаралары барлық топта орындалсын. Бөбекжайда қойылатын санитарлық нормалар мен ережелердің орындалысы қадағалау бөбекжай медбикесіне жүктелсін.
3. Өрт қауіпсіздік шараларының алдын алу жұмыстары жүргізілсін

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



С.Р Мусаева

А. Қарасаева